


https://www.instagram.com/reel/DQBQRyniCKg/?stkn=Nm4xajFoZDBybXJz

Арнаўы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу үшін инклюзивті қолдау кабинетінің болуы, жабдықталуы (*ИҚК)*

№113 Психолог кабинетіні (тренинг кабинеті) жабдықталуы

1.	Стол преподавателя для кабинета психолога	1шт.
2.	Кресло для преподавателя для кабинета психолога	1шт
3.	Стол для читателей одноместный форменный	5шт
4.	Интерактивная панель	1шт
5.	Комод белый	1шт
6.	Стол журнальный компактный для кабинета	1шт
7.	Кресло мягкое для кабинета психолога	2шт
8.	Диван с креслами	1кт
9.	Кондиционер	1шт
10.	Пуфик	2шт

№114 Психолог кабинетінің (әдістемелік кабинеті) жабдықталуы

1.	Конференц стол	1кт
2.	Стул полумягкий	5шт
3.	Сейф	1шт
4.	Кулер	1шт
5.	Принтер	1шт
6.	Шкаф –купе	1шт
7.	Шкаф-стеллаж	3шт
8.	Шкаф-стеллаж с дверьми	1шт
9.	Кондиционер	1шт
10.	Ноутбук EX215-34	для кабинета психолога

№115 АФК кабинетінің жабдықталуы

1.	Батут	1шт.
2.	Домик	1шт
3.	Мячик большой	3шт
4.	Мячики маленькие	100шт
5.	Коврики мягкие	6шт
6.	Обруч	9шт
7.	Кубики	8шт
8.	Мат гимнастический	6шт
9.	Кондиционер	1шт
10.	Шведская стенка	2шт
11.	Детский тренажер.карусель	1шт
12.	Угловой шкаф	1шт
13.	Скамейка	2шт
14.	Скакалка в бутылке	6шт
15.	Деревянный набор	5шт
16.	Гантели игрушечные	25шт

№116 Инклюзия кабинетінің жабдықталуы

1.	Стол преподавателя	2шт.
2.	Тумба	2шт
3.	Кресло для преподавателя	2шт
4.	Стол для читателей одноместный форменный	1шт
5.	Вешалка для одежды	1шт
6.	Компьтер детский	1шт
7.	Парта с 2 мя стульями	2кт
8.	Парта с 4 мя стульями	3кт
9.	Детский шкаф	2шт
10.	Мальберт доска	2шт
11.	Кондиционер	1шт
12.	Стол угловой	1шт

Scanned with CamScanner

1.	Стол преподавателя для кабинета психолога	1шт.
2.	Кресло для преподавателя для кабинета психолога	1шт
3.	Стол для читателей одноместный форменный	5шт
4.	Интерактивная панель	1шт
5.	Комод белый	1шт
6.	Стол журнальный компактный для кабинета	1шт
7.	Кресло мягкое для кабинета психолога	2шт
8.	Диван с креслами	1шт
9.	Кондиционер	1шт
10.	Пуфик	2шт
11.	Конференц стол	1кт
12.	Стул полумягкий	5шт
13.	Сейф	1шт
14.	Кулер	1шт
15.	Принтер	1шт
16.	Шкаф –купе	1шт
17.	Шкаф- стеллаж	3шт
18.	Шкаф- стеллаж с дверьми	1шт
19.	Кондиционер	1шт
20.	Ноутбук EX215-34	для кабинета психолога
21.	Батут	1шт.
22.	Домик	1шт
23.	Мячик большой	3шт
24.	Мячики маленькие	100шт
25.	Коврики мягкие	6шт
26.	Обруч	9шт
27.	Кубики	8шт
28.	Мат гимнастический	6шт
29.	Кондиционер	1шт
30.	Шведская стенка	2шт
31.	Детский тренажер.карусель	1шт
32.	Угловой шкаф	1шт
33.	Скамейка	2шт
34.	Скакалка в бутылке	6шт
35.	Деревянный набор	5шт
36.	Гантели игрушечные	25шт
37.	Стол преподавателя	2шт.
38.	Тумба	2шт
39.	Кресло для преподавателя	2шт
40.	Стол для читателей одноместный форменный	1шт
41.	Вешалка для одежды	1шт
42.	Компьтер детский	1шт
43.	Парта с 2-мя стульями	2кт
44.	Парта с 4-мя стульями	3кт
45.	Детский шкаф	2шт
46.	Мальберт доска	2шт
47.	Кондиционер	1шт
48.	Стол угловой	1шт

Scanned with CamScanner

«Шоғы Мұңалұлы атындағы №5 жалпы білім беретін мектеп» КММ

ЕББҚ оқушыларын оқыту және түзете-дамыту процесінде қолданылатын дидактикалық материалдар қоржыны

АҚПАРЛАМА

ЕББҚ оқушыларын оқыту және түзете-дамыту процесінде қолданылатын дидактикалық және сенсорлық материалдардың тиімділігін көрсету, логопедиялық жұмыста пайдаланылатын құралдардың түрлерін жүйелеу және таныстыру, балалардың танымдық, сөйлеу және моторлық қабілеттерін дамытуда заманауи құралдардың рөлін түсіндіру мақсатында дидактикалық материалдар қоржыны жасақталды.

Мектептегі ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жүргізілетін түзете-дамыту жұмыстарына арналған оқу және ойын материалдарының үлгілері:

- Қоршаулы үлкен батут
- Түрлі-түсті аю фигуралары, ыдыстар
- Сандар мен аяқ ізі бар төсеніш, таяқшалар, түсті кесектер
- Сұр түсті, тігілген, түйіршікті (пупырка) матадан жасалған үлкен жамылғы мен жастық
- Науадағы қоңыр құмға салынған сурет
- Әртүрлі музыкалық және танымдық ойыншықтар, жануарлар фигуралары
- Play-Doh ыдыстары мен жасыл/мөлдір "Hand Gum" және "Slime" ыдыстары
- Сары-қызыл түсті баяу қозғалатын сұйықтығы бар шам Лава шамы
- Қара-көк түсті, үлкен құлаққаптар(шудан қорғайтын құлаққаптар);
- Екі дана жұмсақ, қапшық тәрізді(пуфик) орындықтар
- GoTalk 4+ деп жазылған, суреттер салынған электронды құрылғы
- Ағаштан жасалған, түрлі-түсті, пішіндер мен цилиндрлерден тұратын ойыншықтар жиынтығы
- Жасыл түсті, матадан жасалған, төбеге ілінген қапшық (гамак)
- Карточкалар
- Түрлі түсті ұсақ қол моторикасын дамытушы құрал
- Логопедтің жеке жұмысына арналған айна
- Жұмсақ резеңкелі, көп реттік қолдануға арналған зонд
- Ұсақ қол моторикасын дамытуға арналған құралдар ретінде мектепте қолданыста түрлі табиғи материалдар
- Панельді тақта
- Сенсорлы дербес компьютер
- Қолдан жасалған бизиборд
- Ортопедиялық тактильді жүруге арналған кілеишелер
- Логопедиялық бұрыш

Scanned with CamScanner



Scanned with CamScanner

Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы
Маңғыстау ауылы
«Шоғы Мұңалұлы атындағы №5 жалпы білім беретін мектеп» КММ



2025-2026 оқу жылы

Ерекше білім алатын оқушы саны: 80 білім алушы

Оның ішінде (пмпк тұжырымдамасы бар) оқушы саны: 27 білім алушы

Мүгедектігі бар оқушы саны: 27 білім алушы

Scanned with CamScanner






Мектепке кіру екі жерден жүзеге асырылады: 1–4 сынып оқушылары бастауыш блок арқылы, ал 5–11 сынып оқушылары жоғары блок арқылы кіреді. Оқушылардың және келушілердің қауіпсіздігі мен қолжетімділігі қамтамасыз етілген. Мектеп ғимараты талаптарға сай пандустармен жабдықталған, сондай-ақ мүгедектігі бар тұлғалар келген жағдайда қоңырау тетігі арқылы көмек көрсету жүйесі жұмыс істейді.

Scanned with CamScanner







Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар мен көру қабілеті төмен тұлғалар үшін мектептегі есіктердің қапталдары сары түсті белгілермен белгіленген. Негізгі кіреберіс есігінде де арнайы сары белгі қойылған.

Scanned with CamScanner












Мектеп ғимаратында инклюзивті білім беру талаптарына сай жағдайлар жасалған. Атап айтқанда, кабинеттердің атаулары мен нөмірлері көру қабілеті төмен немесе көзі көрмейтін тұлғаларға қолайлы болуы үшін Брайль қарпімен жазылған арнайы тактильді тақтайшалармен белгіленген. Бұл тақтайшалар есік қапталына ыңғайлы биіктікте орнатылып, барлық білім алушылар мен келушілердің еркін бағдарлануына мүмкіндік береді.

Scanned with CamScanner









Мектепте инклюзивті орта қалыптастыру мақсатында ерекше білім беруді қажет ететін тұлғаларға барлық қажетті жағдайлар жасалған. Солардың бірі – арбамен қозғалатын оқушылар мен келушілерге арналған арнайы санитарлық торап (дәретхана) бөлмесінің жабдықталуы. Бұл санитарлық торап толықтай қолжетімділік талаптарына сай жасақталған. Ішкі кеңістігі арбамен еркін кіруге және бұрылуға ыңғайлы етіп кеңейтілген. Қабырғалары мен унитаз маңайында арнайы ұстағыш тұтқалар орнатылған, олар қозғалысы шектеулі адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Су краны мен айна биіктігі де арбамен отырған адамға қолжетімді деңгейде орналастырылған. Сонымен қатар, есігі кең, оңай ашылып-жабылатын етіп орнатылған және сары түсті белгімен белгіленген. Бұл – көру қабілеті төмен адамдардың бағыт-бағдар алуын жеңілдетеді.

Мектеп әкімшілігі инклюзивті орта құруды басты назарда ұстай отырып, мүмкіндігі шектеулі білім алушылар мен келушілердің өздерін еркін әрі жайлы сезінуіне барынша жағдай жасаған.

Scanned with CamScanner









Мектеп ішінде мүгедек арбасын пайдаланушылардың ыңғайлы қозғалуына мүмкіндік жасау мақсатында еден бойымен бағыттаушы сары жолақтар жүргізілген.

Scanned with CamScanner

қатар, мектептің 1–11 сынып оқушыларымен қатар, мектепалды даярлық (МАД) тобының білім алушыларын да қабылдауға толық дайын. Кабинет қажетті оқу-әдістемелік құралдармен, көрнекіліктермен және түзету-дамыту жұмыстарына арналған материалдармен жабдықталған.


Scanned with CamScanner





Мектепте инклюзия кабинеті тұрақты түрде жұмыс істейді. Қазіргі уақытта білім ордасында ерекше білім беруді қажет ететін 80 білім алушы білім алуда. Оның ішінде 27 оқушының даму ерекшеліктері психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация (ПМПК) тұжырымдамасымен айқындалған.Инклюзия кабинеті ерекше білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуге бағытталған. Мұнда оқушылармен педагог-психолог, логопед, дефектолог және әлеуметтік педагог жүйелі түрде жұмыс жүргізеді. Сонымен


Scanned with CamScanner

	Сұр түсті, тігілген, түйіршікті (пупырка) матадан жасалған үлкен жамылғы мен жастық- Терең қысым сезімін қамтамасыз етеді (проприоцептивтік стимуляция). Бұл баланың дене шекарасын сезінуіне, жүйке жүйесін тыныштандыруға, стресс пен мазасыздықты азайтуға көмектеседі. Көбінесе аутизм, СДВГ (ADHD) немесе сезімталдығы жоғары балалар үшін қолданылады.
	Науадағы қоңыр құмға салынған сурет- құм терапиясына арналған науа; Тактильді стимуляция (құмды ұстау), ұсақ моториканы дамыту, шығармашылықты және ішкі эмоцияларды сыртқа шығаруға көмсктссстін психологиялық-терапевтік құрал.
	Сөредегі түрлі музыкалық және танымдық ойыншықтар, жануарлар фигуралары- оқу және дамыту құралдары; Есту (музыкалық аспаптар), визуалды, тактильді дамуға арналған заттар; танымдық және ойын әрекеттерін ұйымдастыруға арналған.


Scanned with CamScanner

Дидактикалық құрал	Атауы
	Қоршаулы үлкен батут- Вестибулярлық және проприоцептивтік жүйелерді дамытуға арналған маңызды құрал. Секіру арқылы дене координациясын, бұлшықет тонусын жақсартады, энергияны шығарып, реттеуге көмектеседі.
	Түрлі-түсті аю фигуралары, ыдыстар - Сұрыптауға арналған жиынтық; Ұсақ моториканы, түс тануды, санауды, сұрыптауды, логикалық ойлауды дамыту. Сылдырмақ (маракас)- есту және ырғақ сезімін дамыту.
	Сандар мен аяқ ізі бар төсеніш, таяқшалар, түсті кесектер- Сенсорлық жол: аяқ табанының рецепторларын стимуляциялау, тепе-теңдікті, координацияны, сандық реттілікті үйрету (вестибулярлық және проприоцептивтік стимуляция). Таяқшалар мен кесектер: ұсақ моториканы, пішін-түс тануды, құрастыру дағдыларын дамыту.



Scanned with CamScanner

	Play-Doh ыдыстары мен жасыл/мөлдір "Hand Gum" және "Slime" ыдыстары- Мүсіндеуге арналған пластилин; Тактильді стимуляция (сипау арқылы сезіну), ұсақ моториканы, қол бұлшықеттерінніығайту, шығармашылықты дамыту. Сонымен қатар, стрессті азайтатын, жүйке жүйесін тыныштандыратын сенсорлық реттеу құралы.
	Сары-қызыл түсті баяу қозғалатын сұйықтығы бар шам Лава шамы- Визуалды стимуляция (көру арқылы сезіну) және релаксация (тыныңу) үшін қолданылады. Шамдағы баяу қозғалатын жарық пен түс баланың назарын шоғырландыруға, эмоционалды тепе-теңдікті сақтауға көмектеседі. Көбінесе сенсорлық бөлмелердің тыныштандыру аймағында болады.
	Қара-көк түсті, үлкен құлаққаптар- Шудан қорғайтын құлаққаптар; Аудиалды (есту) сезімталдығы жоғары балаларға арналған. Қатты немесе артық шуды бәсеңдету арқылы жүйке жүйесін қорғайды, олардың айналадағы ортаға бейімделуіне және тынышталуына көмектеседі.


Scanned with CamScanner

	Екі дана жұмсақ, қапшық тәрізді орындықтар- Арқалықсыз кресло-қапшықтар; Релаксация аймағына арналған. Баланың денесінің пішінін қабылдап, оған ыңғайлы және қауіпсіз ссзім сыйлайды. Тынығу, кітап оқу немесе жай ғана отыру үшін қолданылады.
	GoTalk 4+ деп жазылған, суреттер салынған электронды құрылғы- Сөйлейтін коммуникатор (Аугментативті және Альтернативті Коммуникация құралы); Сөйлеу тілі дамымаған, қиындық туындаған немесе тілдік бұзылыстары бар балалар үшін қарым-қатынас құралы. Түймелерді басқан кезде құрылғы суреттегі заттың атауын айтады. Балаға өз қалауын, қажеттілігін білдіруге көмектеседі.
	Ағаштан жасалған, түрлі-түсті, пішіндер мен цилиндрлерден тұратын ойыншықтар жиынтығы- Пішіндер мен өлшемдер бойынша сұрыптауға арналған ағаш сорттауыштар (Монтессори материалы); Ұсақ моториканы, көз бен қолдың координациясын, пішіндерді (үшбұрыш, дөңгелек, төртбұрыш) және өлшемдерді ажырату қабілетін дамыту. Танымдық дағдыларды қалыптастырады.



Scanned with CamScanner

	Қолдан жасалған **бизиборд** – мектептегі ерекше білім беруді қажет ететін балалардың ұсақ қол моторикасын, танымдық және сенсорлық дағдыларын дамытуға арналған тиімді дидактикалық құрал.
	**Ортопедиялық тактильді жүруге арналған кілеишелер** – мектепте ерекше білім беруді қажет ететін балалардың сенсорлық қабылдауын, қозғалыс үйлесімділігін және аяқ бұлшықеттерінің жұмысын дамытуға арналған арнайы құрал.
	**Логопедиялық бұрыш** – мектепте сөйлеу тілін түзету мен дамыту мақсатында арнайы ұйымдастырылған жұмыс аймағы. Бұл бұрыш ерекше білім беруді қажет ететін және сөйлеу тілі дамуы кешеуілдеген балалармен жеке немесе шағын топтық сабақтар өткізуге арналған.


Scanned with CamScanner

	Ұсақ қол моторикасын дамытуға арналған құралдар ретінде мектепте қолданыста түрлі табиғи материалдар – боялған қарақұмық (гречка), макарондар және жүгері дәндері кеңінен пайдаланылады.
	Панельді тақта – бұл заманауи білім беру процесінде қолданылатын интерактивті мультимедиялық құрал. Ол сабақ өткізу, материалды көрнекі түрде түсіндіру және оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру мақсатында қолданылады.
	Сенсорлы дербес компьютер – бұл заманауи білім беру үдерісінде қолдануға арналған көпфункционалды техникалық құрал. Ол оқыту, дамыту және түзету бағытындағы жұмыстарды тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.


Scanned with CamScanner

	Түрлі түсті ұсақ қол моторикасын дамытушы құрал — бұл балалардың саусақтарының икемділігін, қимыл-қозғалыс дәлдігін және қол бұлшықеттерінің үйлесімділігін дамытуға арналған арнайы дидактикалық материал.
	Логопедтің жеке жұмысына арналған айна – сөйлеу тілі бұзылыстары бар балалармен түзету сабақтарын жүргізуде қолданылатын негізгі құралдардың бірі.
	Жұмсақ резеңкелі, көп реттік қолдануға арналған зонд – логопедиялық түзету жұмыстарына арналған талапқа сай арнайы құрал.

Scanned with CamScanner


	Жасыл түсті, маталан жасалған, төбеге ілінген қапшық- Серпілмелі гамак немесе "Сова қапшығы"; Вестибулярлық (тепе-теңдік) және проприоцептивтік (дене сезімі) жүйелерді стимуляциялауға арналған. Тербелу, айналу және дененің сығылуы арқылы баланың жүйке жүйесін реттейді.
	Қызыл және көк түсті папкалар- Іс қағаздарына арналған папкалар; Психологтың, педагог-логопедтің,арнайы педагогтың немесе басқа маманның әдістемелік құжаттарын, балалардың жеке іс-қағаздарын, есептерін және жұмыс жоспарларын жүйелі түрде сақтауға арналған. Бұл әкімшілік және құжаттамалық қызметті атқарады.
	Карточкалар : "Ашық/Жабық", көліктер, эмоциялар- Дидактикалық материалдар; Алдыңғы суреттегідей: ұғымдарды, эмоцияларды, көлік түрлерін оқыту арқылы танымдық және сөйлеу дағдыларын дамыту.

Scanned with CamScanner



Әдістемелік аймақ – педагог-психологтың кәсіби қызметін тиімді ұйымдастыруға арналған арнайы бөлім. Бұл аймақта барлық психологқа қажетті **әдістемелік құралдар**, **жұмысқа арналған құжаттар**, сондай-ақ **маңызды диагностикалық материалдар** жүйеленіп сақталады.Құжаттардың қауіпсіздігі мен құпиялылығын қамтамасыз ету мақсатында әдістемелік аймақ **арнайы сейфпен** жабдықталған. Сейфте оқушылардың психологиялық зерттеу нәтижелері, жеке даму траекториялары және түзету жұмыстарының материалдары сақталады.Мұндай ұйымдастыру психологтың кәсіби этикасын сақтауына, құпия ақпараттың қорғалуына және жұмыстың жүйелілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Әдістемелік аймақ мектептегі психологиялық қызметтің сапалы әрі талапқа сай жүргізілуін қамтамасыз ететін маңызды орталық болып табылады.

Scanned with CamScanner



Ортопедиялық тактильді жүруге арналған кілемшелер – мектепте ерекше білім беруді қажет ететін балалардың **сенсорлық қабылдауын, қозғалыс үйлесімділігін** және **аяқ бұлшықеттерінің жұмысын дамытуға** арналған арнайы түзету-дамыту құралы.Бұл кілемшелер әртүрлі бет құрылымдары мен текстуралардан (тегіс, бұдырлы, дөңес, жұмсақ және т.б.) тұрады. Олардың әрқайсысы табанның сезімтал нүктелерін ынталандырып, қан айналымын жақсартады, қозғалыс белсенділігін арттырады және баланың тепе-теңдігін сақтауға көмектеседі.Мектептің түзете-дамыту аймағында бұл кілемшелер **жалаңаяқ жүру, тактильді жаттығулар** және **қимыл белсенділігін арттыру** мақсатында кеңінен қолданылады. Ортопедиялық тактильді кілемшелер қауіпсіз, экологиялық таза материалдардан жасалған және санитарлық-гигиеналық талаптарға толық сай келеді.Бұл құрал балалардың **физикалық, сенсорлық** және **психоэмоциялық** дамуын қолдап, инклюзивті білім беру ортасында табысты бейімделуіне мүмкіндік береді.

Scanned with CamScanner




Педагогикалық-психологиялық қолдау кабинеті – мектептегі білім алушылардың, педагогтердің және ата-аналардың психологиялық саулығын сақтау мен дамытуға бағытталған арнайы ұйымдастырылған кеңістік. Бұл кабинетте **1–11 сынып оқушылары, мектеп педагогтері, кіші қызметкерлер,** сондай-ақ **ата-аналар** қабылданады. Кабинеттің жұмысы әрбір қатысушының жеке психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, олардың эмоционалдық жағдайын тұрақтандыруға, қарым-қатынас мәдениетін жетілдіруге және тұлғалық дамуын қолдауға бағытталған. Кабинетте **жеке сұхбаттар, топтық тренингтер, диагностикалық және түзету-дамыту жұмыстарымен қатар, әдістемелік және кеңес беру қызметтері** де жүргізіледі. Педагогикалық-психологиялық қолдау кабинеті қажетті құрал-жабдықтармен, әдістемелік материалдармен және релаксациялық элементтермен қамтамасыз етілген. Бұл жағдай оқушылардың өзін еркін сезінуіне, сенім орнатуға және эмоционалды жайлылық атмосферасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Scanned with CamScanner



Жеке сұхбат пен тынығу аймағы – педагогикалық-психологиялық қолдау кабинетінің маңызды бөлігі болып табылады. Бұл аймақ мектептегі оқушыларға, педагогтерге және ата-аналарға қолайлы психологиялық ортада жеке кеңес алу мен эмоционалды демалу мүмкіндігін ұсынады. **Жеке сұхбат аймағы** тыныш, оқшауланған кеңістік ретінде жабдықталған. Мұнда психолог жеке кеңес, психодиагностикалық немесе түзету жұмыстары кезінде құпиялылық пен сенімді атмосфераны қамтамасыз етеді. Арнайы үстел, жұмсақ орындықтар және бейтарап түстермен безендірілген интерьер психологиялық жайлылық тудырады. **Тынығу аймағы** – эмоционалды және психологиялық кернеуді төмендетуге арналған орын. Бұл жерде жұмсақ жиһаз, релаксациялық жарық, тыныштандыратын музыка элементтері, сенсорлық ойыншықтар мен визуалды демалуға арналған құралдар бар.

Scanned with CamScanner



Түзете-дамыту аймағы – ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың психомоторлық, сенсорлық және қозғалыс дағдыларын дамытуға арналған арнайы ұйымдастырылған кеңістік. Бұл аймақта балалардың тепе-теңдігін, қозғалыс үйлесімділігін және кеңістікте бағдарлануын дамытуға арналған **балансирлер** (тепе-теңдік тақталары) орнатылған. Балансирлермен жаттығулар орындау арқылы оқушылардың дене қимылы, вестибулярлық жүйесі және жалпы моторикасы жетілдіріледі. Сонымен қатар, түзете-дамыту аймағы түрлі тактильді кілемшелермен, сенсорлық материалдармен, ұсақ және жалпы мотрикаңы дамыту құралдарымен жабдықталған. Бұл аймақ баланың физикалық белсенділігін арттырып қана қоймай, зейінін, өзін-өзі реттеу қабілетін және эмоциялық тұрақтылығын дамытуға ықпал етеді. Түзете-дамыту аймағы инклюзивті білім беру талаптарына сай ұйымдастырылып, әр баланың жеке ерекшелігі мен даму деңгейін ескеріп жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді.

Scanned with CamScanner





Ойлау қабілеті мен ұсақ қол моторикасына арналған дамытушы құралдар 2024–2025 оқу жылы барысында **«Қазақстан халқына» қоғамдық қорының демеушілігімен**, халықаралық **«MIKKO» орталығынан** мектепке жеткізілді. Бұл құралдар ерекше білім беруді қажет ететін балалардың танымдық дамуын, логикалық ойлауын, назар тұрақтылығын және қол саусақтарының икемділігін арттыруға бағытталған. Жинақ құрамына түрлі пішіндер мен түстерді ажыратуға арналған ойындар, құрастыру элементтері, тактильді материалдар, мозаикалар, балансирлер мен мотрикаңы жаттықтыру құрылғылары енгізілген. Аталған дамытушы материалдар **түзете-дамыту**, **логопедиялық**, және **психологиялық қолдау сабақтарында** белсенді қолданылады. Олар оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, оқу процесін ойын түрінде ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұл – инклюзивті білім беру ортасын жетілдіруге және әрбір баланың жеке әлеуетін дамытуға бағытталған маңызды қолдау.

Scanned with CamScanner

Қорытындылай келе, мектепте инклюзивті білім беру талаптарына толық сай жағдай жасалған. Барлық оқу кеңістігі ерекше білім беруді қажет ететін балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың сапалы білім алуына, қауіпсіздігі мен қолжетімділігіне бағытталған.

Ғимарат **пандустармен**, **қоңырау тетігімен**, **тактильді бағыттаушы жолақтармен**, **сары түсті ескерту белгілерімен** және **Брайль қарпімен жазылған тақтайшалармен** жабдықталған. Бұл көру және қозғалыс мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға еркін қозғалу мен бағдарлануға мүмкіндік береді.

Мектеп ішінде **инклюзия кабинеті**, **логопункт**, **логопедиялық бұрыш**, **түзете-дамыту аймағы**, **педагогикалық-психологиялық қолдау кабинеті**, **әдістемелік аймақ** және **тынығу бұрышы** өз деңгейінде жұмыс істейді. Әр кабинет қажетті материалдық-техникалық жабдықтармен қамтылған: сенсорлы дербес компьютерлер, дамытушы ойындар, бизибордтар, ортопедиялық тактильді кілемшелер, балансирлер және ұсақ қол моторикасын дамытуға арналған құралдар бар.

Сонымен қатар, мектепте арбамен қозғалатын тұлғаларға арналған **таланқа сай санитарлық торап**, **логопедке арналған айна**, және құжаттардың құпиялылығын қамтамасыз ететін **арнайы сейф** те қарастырылған.

2024–2025 оқу жылы барысында **«Қазақстан халқына» қоғамдық қорының демеушілігімен**, халықаралық «**MIKKO» орталығынан** мектепке жеткізілді. Ойлау қабілеті мен ұсақ мотериканы дамытуға арналған заманауи құрал-жабдықтар жеткізіліп, білім беру процесінде белсенді қолданысқа енгізілді.

Жалпы, мектептің материалдық базасы, мамандардың жұмысы мен ұйымдастырылған оқу ортасы инклюзивті білім беру принциптеріне толық сәйкес келеді. Бұл жағдайлар әрбір баланың жеке әлеуетін ашуға, өзін қауіпсіз әрі тең сезінуіне мүмкіндік беріп отыр.

Scanned with CamScanner

№116 инклюзия кабинетін пайдалану ережесі

1. Оқу кабинетін сабақтың басталуынан 15 минут бұрын ашу кажет.

2. Оқушылар кабинетте ауыстырылған аяқ киімде болуы кажет.

3. Оқушылар кабинетте мұғаліммен бірге болу керек.

4. Кабинеттің ауасын әр үзілісте ауыстырып тұру кажет.

5. Мұғалім сабақтан соң кабинетте тазалык жүргізуді үйымдастырып отыру кажет.

№116 инклюзив кабиентінің оқу жылында (келешекте) жасалатын жұмыс жоспарына қойылатын талаптар

1. Кабинет жоспары кабинетке жауап беретін пән мұғалімі мен кабинеттің қызметіне сәйкес жасалынады.

2. Бірінші бөлім кабинеттің откен жылғы жұмысына талдау жасау.

3. Екінші болім жаңа оқу жылының міндеттеріне, корсететін

такырыптық жоспарларды, дидактикалық құралдарды жанарту, тірек конспектісін жасау, диагностикалық карта, сызу, бейне фильмдерді алу, кестелер және оқу әдістемелік құралдарды мектеп багдарлама сындағы білімге сай болу кажет.

№116 инклюзия кабинетіне қойылатын талаптар

1. Кабинеттің құжаты бойынша талапқа сай жабдықталған түтіктер мен техникалық құралдар, корнекі құралдар, оқулыктар, әдістемеліктер, дидактикалық құралдары және баскалар.

2. Оқу жылында жасалатын кабинеттің жұмыс жоспары.

3. Оқу кабинетінде техникалық қауіпсіздік және гигиеналык тазалык ережесін сақтау.

4. Оқу кабинеті безендірілгенде эстетикалық талапка сай ауыстырылатын, ауыстырылмайтын сабақ хабарлама стендтері, суретті жабдықтар, тағы баска құралдар болу керек (оқу кабинетінің жұмыс жоспарына сәйкес).

5. Кабинеттің оқу жабдықтарымен, мектептегі білім жоспарын орындау үшін қажет.

Scanned with CamScanner

6. Оқу-әдістемелік және оқыту құралдары жиынтығы кабинеттің түріне, білім стандартының талабына, оқыту жоспарына сәйкес болу кажет.

7. Дидактикалық құралдар жиынтығы, тесттер, бақылау жұмыстары, шығармалар, эссе, әңгімелер және басқалары болу керек. Білім тексерген жиынтықтар (кабинеттің түріне қарай). сапасы және оқу жүйесін

8. Мектептің окыту жоспарына сәйкес оқулықтармен үлестірмелі материалдармен қамтамасыз ету (білім стандартына сәйкес).

9. Негізгі білімді ашық және көрнекті түрде оқытуға жеткізу. Сонымен қатар қажетті деңгейдегі дайындықты талап ету (білім стандартына сәйкес).

10. Оқушыларға ашық және көрнекті үлгіде білім стандарттарының орындалуын талап

11. Базалық және дамыған білім берудія стандарттық денгейдегі талаптарыу диагностикалық орындау үшін типтік тапсырмалар, тесттер, эссе, бакылау жұмыстары және тағы сол сиякты жұмыстарымен оқушыларды қамтамасыз ету

12. Оқу кабинетінің қабырғалық материалдары: оқушыларға оқу ісін жобалау үшін кепілдемелер, қоғамдық пікірлер мен дағдыларын дамыту бағдарламасын орындау. үй жұмысын орындау және ұйымдастыру, әр түрлі оқу, танымдық істерге дайындық (семнар, зертханалық жұмыстар, тестілер, сынактар, коллоквиум,

әңгімелесу, емтихан).

13. Оқушылардың білім беру стандарттарының орындау нәтижесінің экраны.

14. Міндетті бағдарлама, факультативтік тапсырмалар, косымша білім беру бағдарламасы үлгермеушілермен жеке жұмыстар, дарынды балалармен жұмыс жүргізуі бойынша оқу кабинетінің жұмыс кестесі.

№116 инклюзив кабинетіне мідетті түрде қажетті құжаттар

1. Оқу кабинетінің паспорты.

2. Кабинетте бар жабдықтардың мемлекеттік тізімі.

3. Оқу кабинетінде техникалық қауіпсіздіктің ережелері.

4. Оқушылардың кабинетті пайдалану ережесі. Оку кабинетінің кестесі.

Scanned with CamScanner

5. Мектеп әкімшілігінің оқу кабинетін қабылдау актісі.

№116 Инклюзивті кабинетіндегі қауіпсіздік ережелері

1. Арнайы маман кабинетіне тек кана маманның рұқсатымен кіруге болады.

2. Топтық және жеке жұмыс кезінде алысып-жұлысып ойнауға, ойыншықтарды рұқсатсыз алуға, техникалық құралдарды ұстауға қатаң тиым салынады.

3. Топтық жұмыс кезінде әдістерді орындау педагог-психологтың нұсқауымен жүзеге асуы тиіс.

4. Топтык сабак кезінде дефектолог-логопед маманынын мұқият тындау керек.

5. Топтық сабақ кезінде кабинет ішін тастап кетуге болмайды.

6. Кабинеттегі барлық қозғалыс тек қана арнайы мамандардың нұсқауымен жүзеге асырылады.

7. Топтық және жеке жұмыстар қауіпсіз жағдайда өткізілуі үшін қажет шараларды жүзеге асыру.

8. Жұмыс орындарының құрал-саймандарының, бөлменің санитарлық күйінің қауіпсіздігін камтамасыз ету.

9. Топтык және жеке жұмыс кезінде оқушыларды өз бетімен қалдыруға немесе жіберуге тиым салынады.

10. Кабинеттегі электр жүйесін пайдалану барысында қосқыш-жабдықтарының сапасын міндетті түрде тексерілуі тиіс

11. Сабакта окулык кару-жарақ, граната, миналар, теледидар, DVD видео, аудио магнитафондары пайдалану кезінде кауіпсіздік шараларын сақтау қажет.

12. Кабинетте таазалык жұмыстарын жүргізген кезде терезенің ернеуіне тұрып оқушыларға тазалатуға болмайды,

13. Топтық және жеке сабақ кезінде өмірге қауіпті нәрсе байқалса, тез арада жұмысты тоқтатып мектеп әкімшілігіне хабарлау қажет.

Scanned with CamScanner

14. Өрт немесе жер сілкінісі және тағы басқа апаттық жағдайларда арнайы маман өз бақылауында ұстап, алдын ала берілген нұскау бойынша іс-әрекет ету керек.

15. Топтық және жеке жұмыс біткен соң оқушылардың түгел сыныптан шығуын қадағалау.

№116 инклюзивті кабинетіне қойылатын санитарлық талаптар

1. Әрбір оқушының бойына сай, көру және есту қабілетіне байланысты жұмыс орны отыратын партамен немес үстелмен қамтамасыз етіледі. Оқушының бойына сай жиһаз белгі салу керек.

2. Көру мен есту органдарының ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін парталар номеріне қарамастан бірінші қатарына қойылады. Көру қабілеті төмен оқушылардың партасы терезе жақта бірінші қатарда орналасуы керек. Тыныс алу жолдары мен тамақ бездерінің қабынып және суықта жиі ауыратын балдарды сыртка қабырғадан алыс отырғызылуы қажет

Scanned with CamScanner